

Ел және облыс жаңалықтары

● Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес елдің барлық өңірінде әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандар салуға бағытталған ауқымды бағдарлама жүзеге асырылады. Бұл туралы Үкімет отырысында Премьер-министр Олжас Бектенов мәлімдеді, деп хабарлайды Egemen.kz.

Үкімет басшысы жаңа бағдарламаның басты мақсаты - азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру екенін атап өтті. Оның айтуынша, жоба аясында заманауи әлеуметтік

нысандарды салуға басымдық беріледі. Әсіресе денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.

"Мемлекет басшысы әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандар салуға арналған ауқымды бағдарламаны қолға алуды тапсырды. Бұл бастама жақын арада ел азаматтарының тұрмыс сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Заманауи денсаулық сақтау нысандарын салуға ерекше басымдық беру қажет", деді Олжас Бектенов.

● 2026 жылғы Құрылтай депутаттарының алғашқы сайлауы қарсаңында саяси партиялардың кандидаттар тізімі қоғамда қызу талқыланып жатыр. Мемлекет және қоғам қайраткері Ғалиасқар Сарыбай партиялардың кадрлық саясаты, бұрынғы Парламент депутаттарының жаңа құрамдағы үлесі және саяси жүйедегі кадрлық жаңару туралы өз бағасын береді. Сондай-ақ ол Құрылтайдың алғашқы шақырылымының ерекшеліктеріне, заң шығару үдерісіне және тәжірибелі саясаткерлердің жаңа жүйедегі рөліне тоқталады. Ол бұл өзгерістерді Мемлекет басшысы бастамашылық еткен саяси реформалардың жалғасы ретінде бағалап, жаңа модельдің тиімділігіне қатысты көзқарасын білдірді, деп жазады Egemen.kz.

"Әрбір партияның кандидаттар тізімі жарияланғаннан кейін жұртшылық ең алдымен кімнің

енгенін, кімнің енбей қалғанын және оның себебін қызу талқылай бастады. Жалпы барлық партиялардың тізіміне бұрынғы 46 ел қалаулылары енген, оның 4-уі VIII шақырылымдағы Сенат, 42-сі Мәжіліс депутаттары. Ең алдымен "Әділет" партиясының тізімін зерделегенде көзге түсетіні - кадрлық саясаттың қалыптасқан тәсілін өзгертуге деген ұмтылыс. Тізімде қазіргі вице-министрлер, облыс әкімдерінің орынбасарлары, қала және аудан әкімдері, басқарма басшылары, комитет төрағалары, министрліктердің департамент директорлары бар. Бірақ бұрынғыдай бірінші эшелондағы саяси салмағы ауыр тұлғалар аз. Партияға жастардың көптеп келуі саясаткерлердің жаңа буынын қалыптастыруға, әр саланың кәсіби тәжірибелі мамандарын тартуға жасалған қадам ретінде қарауға болады", деді Ғалиасқар Сарыбай.

● Әкімдік отырысында Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан "Таза Қазақстан" экологиялық бағдарламасының іске асырылу барысы қаралды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша облыс әкімінің орынбасары Думан Оспанов пен Полиция департаменті басшысының орынбасары Жасұлан Байкенов баяндады.

Биылғы жылдың 4 сәуірінен бастап облыстың барлық елді мекендерінде санитарлық тазалық жұмыстары жүргізілуде.

Сенбіліктерге 290 мыңнан астам тұрғын қатысып, 5 941 ұйым мен 2 656 техника жұмылдырылды. Нәтижесінде 33 мың аула, 894 саябақ пен сквер аумағы тазартылып, полигондарға 43 719 тонна

қоқыс шығарылды. Өңірлік жоспарға сәйкес отырғызылуы тиіс 67 мың көшеттің 60 мыңы егілді.

Экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытындағы жұмыстар білім беру ұйымдарында да жүйелі жүргізілуде. "Жасыл балабақша" жобасына бүгінде 33 мектепке дейінгі ұйым қатысып, 4 861 тәрбиеленуші мен 553 педагог қамтылды. Облыстағы 305 мектепте оқушыларға арналған 1 554 экологиялық сынып сағаты өткізілді.

Аймақ басшысы жиында "Таза Қазақстан" экологиялық бағдарламасының маңызына тоқталып, бұл бағыттағы жұмысты жандандыруды тапсырды. Санға емес, ең әуелі сапаға мән беру керектігін ескертті.

Аудан әкімдігінде

Аппарат мәжілісінде кемшіліктерге назар аударылды

Сейсенбіде аудан әкімі Еркін Ескендіровтің төрағалығымен кеңейтілген аппарат мәжілісі өтті.

Жиынға аудан әкімінің орынбасарлары, мекеме, бөлім басшылары, ауылдық округ әкімдері және БАҚ өкілі қатысты.

Аппарат мәжілісінің күн тәртібіне кезекті мәселелер қойылып, жан-жақты қаралды. Алдымен "Ауданның 2026 жылдың 6 айындағы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің болжамды орындалуы туралы" аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы А.Әбілбеков баяндады. Ауданда әр салада жұмыс жасалып жатыр. Нәтиже де жоқ емес. Дегенмен, облыстық көрсеткіштерде кейбір сала бойынша рейтинг төмен. Неліктен? Бұл мәселе бұған дейінгі жиындарда да жиі қозғалып жүр. Аудан басшысы істеліп жатқан, бар жұмысты неліктен көрсете алмай отырмыз деген сауал тастады. Неге көрсеткіш төмен? Кім жауапты, аппаратты кім беріп отыр, қайда барып, қалай жұмыс жасау керек? Осы сауалдар төңірегінде орынбасарлары мен тиісті бөлім басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе "Жастар саясатын іске асыру барысы туралы" аудандық жастар ресурстық орталығының директоры Ж.Әлихан баяндады. Қазіргі таңда біршама шаралар жастардың ұйымдастырылуымен, қатысуымен өтеді. Өткізіліп жатқан шаралар да, оған қатысушы жастар да жетерлік. Алайда, осы жерде бір сауал туындайды. Сол шараларға қатысып жатқан жастар кімдер? Аудан әкімі Е.Кәдірбекұлы осы сауалды хабарламашыға қойды. Қиын отбасынан шыққан немесе мүмкіндігі шектеулі, яғни әлеуметтік осал топтан шыққан жастардың ұйымдастырылып жатқан шараларға қамтылуы қанша пайызды құрайды? Көп жағдайда іс-шараларға белсенді, қоғамдық жұмыстарға араласып жүрген, әлеуметтік жағдайы жақсы, жол жүруге, уақыт бөлуге мүмкіндігі бар жастар шақырылатыны белгілі. Нәтижесінде өткізілуі тиіс шараның есебі түгел, қатысушысы толық. Бірақ бұл жастар саясаты өз мақсатына жетіп, нәтижелі жұмыс жасады деуге негіз бола алмайды. Қоғамда қолдауға мұқтаж жастар аз емес. Біреуінің әлеуметтік жағдайы төмен

болса, бірі толық емес немесе қиын отбасында тәрбиеленіп жатыр. Оларды қоғамдық шараларға тарту, түрлі жарыстарға қатыстыру аса маңызды. "Он адамның ішінен біреуін болсын өзгертіп, бағыт беріп, дұрыс жол сілтей алсақ, бұл біз үшін жетістік",- деген аудан басшысы осы мәселеге баса назар аудартты. Келесіде "100 жаңа жұмыс орнын құру



бойынша жоспар-тапсырманың орындалуы туралы" аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы М.Кенжин хабарлама жасады. Жаңа жұмыс орындарын ашу ісі бойынша ауылдық округ әкімдерін нәтижелі жұмыс жасап, жоспар-тапсырманы межелі уақытында толтыру қажеттігі ескертілді.

"Ветеринариялық қызметтердің жұмысы және аудандағы эпизоотиялық жұмыстарды қамтамасыз ету туралы" Абай облысы ветеринария басқармасының "Облыстық ветеринариялық қызмет" ШЖҚ КМК-ның Ақсуат аудандық бөлімінің басшысы Қ.Бектасов баяндама жасады. Жиын барысында баяндамашының ұсынылған мәселе бойынша толық дайындықпен келмегені байқалды. Сондықтан, аудан басшысы ұсынылған хабарлама қабылданбайтынын, мәселені қайта қарап, жан-жақты пысықтап, күн тәртібіне қайта енгізу қажеттігін айтты.

Барлық қаралған мәселелер бойынша аудан әкімі тиісті сала басшыларына тапсырмалар жүктеді.

Гүлмира ДЕМЕУБАЕВА.

Аудан әкімдігінде

Семинар - жиын өтті

Таяуда аудан әкімдігінің мәжіліс залында Абай облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының ұйымдастыруымен бөлімнің мамандары, ауданның Кәсіпкерлер палатасы, аудан кәсіпкерлері, шаруа қожалықтары мен жеке тұлғалардың қатысуымен мемлекеттік бағдарламаларды түсіндіру туралы семинар-жиын өткізілді. Оны аудан әкімінің орынбасары М.Қайырбеков жүргізіп отырды.

Семинар-жиынға Абай облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бас маманы Е.Сайлауғалиев, "Агро-Несие корпорациясы"

АҚ-ның өкілі несие бөлімінің бас маманы Д.Мусина, "ҰТО" Агротехменеджмент өкілі Е.Мусин, "ҰТО" Агротехменеджмент өкілі М.Рахимов, "Семей" әлеуметтік - кәсіпкерлік корпорациясы АҚ-ның маманы және аудандық ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімінің мамандары, аудандық кәсіпкерлік палатасының директоры мен маманы, ауылдық округ әкімдері, жеке кәсіпкерлер, шаруа қожалықтары, жеке тұлғалар қатысты.

Жиында сала мамандары ауыл шаруашылығын несиелеу бағдарламалары туралы кеңінен түсінік берді.

Кәсіпкерлер, шаруа қожалықтары өздерінің ой-пікірлерін жеткізіп, қойған сұрақтарына жауап алды.

■ Баспасөз - 2026

«ТАРБАГАТАЙҒА» ЖАЗЫЛУ
ЖҮРГІЗІЛУДЕ

2026 жылдың II жартыжылдығына баспасөзге жазылу жүргізілуде.

"Тарбағатай" газетінің бағасы "Қазпошта" арқылы 5 айға 2967 теңге 60 тиын. Газеттің жазылу индексі - 19031.

Редакцияға өзі келіп жазылушылар үшін газет бағасы 5 айға 2333 теңге 33 тиын. Бұл жағдайда жазылушылар газетті редакциядан өздері келіп алады.

Құрметті оқырман! Сізді "Тарбағатайдан"

қол үзбейді деп сенеміз!